

2017 жылы 21 қыркүйекте «Жастар Әлемі» СС-да өткен «Тілдер күні - Қазақстанның барлық азаматтарының бірлігі мен достығының символы» атты білім беру іс-шарасы бойынша «Шетел тілдері» кафедрасының есеп беруі.

Мақсаты: мемлекеттік, орыс және шет тілдерін білуге қызығушылықты ынталандыру, халықтың мәдени мұраларын зерттеу арқылы патриотизмге тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Қазақ, орыс және шет тілдерін меңгеруге деген ықылас қалыптастыру.
2. Қазақстан аумағында тұратын халықтардың дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын зерттеуге қызығушылық тудыру
3. Өртүрлі тілдерді құрметтеуге және тіл үйренуге, тіл білуге тәрбиелеу.

Біздің мемлекетіміздің саясаты, этникалық топтарына қарамастан, Қазақстан халқының теңдігін нығайтуға бағытталған. Мемлекеттік тіл саясатының принциптері Қазақстан Республикасының Конституциясында, ҚР «Білім туралы» және «ҚР тілдер туралы» заңдарында айқындалған.

Қазақстандағы тіл саясаты, қонақжай қазақ жерінде тұратын барлық этностардың мәдени мұрасын дамытуға бағытталған. Осыған орай, Қазақстан Республикасы Президенті 1998 жылғы 20 қаңтардағы жарлығымен ана тіліне және еліне деген сүйіспеншілік пен құрметті, әртүрлі ұлттардың тілдері мен дәстүрлерін білу мақсатында осы күнді «Қазақстан халықтарының тілдер күні» деп жариялады.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес Қазақстан Республикасының әрбір азаматы өз ана тілін, қарым-қатынас тілін, тәрбиелеу, білім беру және шығармашылық тілін еркін таңдауға құқылы.

Бұл объективті, себебі тіл - бұл білім беру құралы және адамдардың қарым-қатынасын қолдайтын қолдау. Өз кезегінде Тілдер күні - еліміздің барлық азаматтарының достық, туыстық және бірліктің белгісі. Халықтар достығы, өзара түсіністік пен ынтымақтастық - бұл жаңа Қазақстанды құрудың негізгі тірегі.

Тіл - достықтың негізі, тіл - бұл халықтардың жақындасуына ықпал ететін арнайы құрал.

«Шетел тілдері» кафедрасында кафедра меңгерушісі, доцент, т.ғ.к. Жантасова Дамира Дулатовна және ШТ кафедрасының тәрбие жұмысына жауапты (ағылшын тілі оқытушысы) Изотовой Айгерім Серікқызының ұйыдастыруымен, 2017 жылдың 21 қыркүйегінде «Жастар әлемі» сарайында ҚР Тілдер күніне арналған мерекелік концерт өтті.

Жүргізушілер (ГД 17-5 студенті Шерубаев Санжар және СТ15-2П студенті Успан Томирис) қонақтарды қарсы алды, мерекеге қатысушы оқытушылар мен студенттер Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әнұранын 3 тілде орындады.

Құтықтау сөзін қонақтардың алғашқысы ағылшын тілінің мұғалімі, АҚШ Елшілігінің өкілі, English Language Fellow бағдарламасы бойынша, гуманитарлық ғылымдар магистрі Бенджамин Тэйлор айтты.

Жүргізушілер қонақтарға және студенттерге 3 тілде мереке туралы айтып берді.

Сахнада 1-ші және 2-ші курс студенттерінің дарынды студенттері өнер көрсетті. Әрбір орындауларды көрермендерге керемет көңіл-күй сыйлады.

Бірінші болып қазақ тілінде «Туған жерім» әнімен ИС 17-1 студенттері Жолтаева Гүлден мен Серікова Айдана болды.

Мет 17-1 студенті Кызырақынов Бексултан домбырада виртуозды ойнады.

МАШ 16-1п студенті Магзумбаев Алихан мен ТТ16-1с студенті Тугелбаевым Марат «Attention» әнін гитарамен бірге орындады.

Сол әнді ВТ 17-2 тобының студенті Асатова Каната испан және орыс тілдерінде орындады.

ИС 17-1 тобының студенттері Шангерей Наргиза мен Баянова Динур өзбек биін биледі.

РЭТ 17-1 тобының студенттері Калмырза Акнур и Куаныш Диана үнді биін биледі.

ТТ 17-1 тобының студенті Айтубарулы Асылбек қазақ тілінде қазіргі заманғы ән орындады.

Махмет Жансая, Кайырберлі Айдана (БТ 17-2) және Серікбол Алтынай Райзаева Ботагоз (гр. ХТОВ 17-1) қазақ биін биледі.

Меирамбаев Султанбек (гр.ГД 17-5) туған тіліне қатысты өлеңдер оқыды.

Куныдилов Ырыспек пен Мухамбедияровым Муслим «Атамекен» әнін орындады.

Іс-шара соңында қонақтарды Қазақстан Республикасының Тілдер күнімен тағы да құттықтады. Іс-шараның барлық қатысушылары дипломдармен марапатталды.